

Бекітемін

«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасының  
меңгеруші м.у.а. М.Х.Жайсултанов

**«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы  
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастыру  
туралы ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже «Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

1.2. Кеңес педагогтердің педагогикалық әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, әдеп бұзушылықтардың алдын алу және педагогтердің кәсіби мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында құрылады.

1.3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

**2. Кеңестің негізгі міндеттері мен функциялары**

2.1. Кеңестің негізгі міндеттері:

- педагогикалық әдеп нормаларының сақталуын бақылау;
- әдеп бұзушылықтардың алдын алу және оларды болдырмау;
- педагогтердің кәсіби беделін қорғау;
- даулы мәселелерді объективті қарастыру.

2.2. Кеңес өз құзыреті шегінде педагогтерден түсініктемелер алуға, қажетті құжаттарды сұратуға және ұсыныстар енгізуге құқылы.

**3. Кеңес құрамын қалыптастыру және жұмысын ұйымдастыру**

3.1. Кеңес төрағадан, хатшыдан және кеңес мүшелерінен тұрады. Кеңес құрамы «Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3.2. Кеңес құрамына педагогтер, әкімшілік өкілдері және қажет болған жағдайда ата-аналар қауымдастығының өкілдері енгізілуі мүмкін.

**4. Кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

4.1. Кеңес мүшелері қаралатын мәселелерді талқылауға, ұсыныстар енгізуге және шешім қабылдауға қатысады.

4.2. Кеңес мүшелері қаралған мәселелер бойынша құпиялылықты сақтауға міндетті.

## **5. Педагогикалық әдеп мәселелерін қарау тәртібі**

5.1. Педагогке қатысты мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралады.

5.2. Педагогке өз пікірін білдіруге, түсініктеме беруге және шешіммен танысуға мүмкіндік беріледі.

## **6. Қорытынды ережелер**

6.1. Кеңес шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

6.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар «Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы басшысының шешімімен енгізіледі.